



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Cambridge, MA and London: Harvard University Press.

10. Hakuta, K. (1986). *Mirror of language: The debate on bilingualism*. New York: Basic Books.

11. Lin, J. (1997). Policies and practices of bilingual education for the minorities in China. *Journal of Multilingual and Multicultural Development*, 18 (3), 193-205.

12. Ramirez, J. D. (1992). Executive summary, *Bilingual Research Journal*, 16 (1&2), 1-62

УДК 37.035.6:316.346.32-053.6

Ұлттық тәрбиенің жастардың болашағына әсері және қазақ жастарының әлеуеті.

Катренов Думан Асқарұлы

katrenov.d@gmail.com

Қазақстан, Астана, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, ХҚҚ–31 тобының студенті
ғылыми жетекші–Кусаинова Р.Е.

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!..

Қазақ жастары ой-санасының әміршісі атанған Мағжан Жұмабаев жастар жайында осындай жалынды жыр арнаған. Сонау XIX ғасырда дүниеге келіп, XX ғасырдың басында «халық жауы» деген жаламен «құрбандыққа шалынған» ақынның бұл сөздері сол кездегі жастарға деген, олардың әлеуетіне деген нық сенімін көрсетеді. Мағжан Жұмабаев ағамыз сеніп кеткен жастары оның сенімін ақтады деп мақтана айта аламыз. Алайда қазіргі жастарымызға осы өлең жолдарын арнай аламыз ба?! Қазіргі жастарымыз сол «айбаттылықты», сол «қайраттылықты», сол «күшті» сақтай алып отыр ма?! Және қазіргі «Батысқа еліктеушілік» заманында жастардың бойында осындай керемет қасиеттерді қалыптастыратын «ұлттық тәрбиені» келешек ұрпаққа мұра етіп жеткізе алмақ па?!

Кез келген ата-ана баласының болашақта жоғары лауазымды қызмет атқарып, үлкен жетістіктерге жеткенін қалайды. Қоғамда балабақшадағы тәртіптен бастап, ЖОО на түсу үшін тапсыратын және басқа да емтихандардан жоғары ұпай жинағандар өмірде көбірек жетістіктерге жетеді деген түсінік қалыптасқан. "Бұл түсінікті кейбір зерттеушілер «когнитивті гипотеза» деп те атайды. Осы гипотезаға сәйкес «жетістік» бірінші кезекте когнитивті дағдыларға тәуелді. *Когнитивті дағдылар* дегеніміз әріптер мен сандарды ажырата білу, санай білумен қатар ақылдың IQ-тесттерімен өлшенетін түрі. Бұл дағдыларды дамытудың ең тиімді жолы – неғұрлым ертерек бастап, неғұрлым көбірек жаттығу". Яғни қарапайым тілмен айтқанда балам жақсы оқыса, қызыл диплом алса көбірек жетістікке жетеді деген гипотеза.

Осы мақсатпен және осындай қате пікірдің әсерінен қазіргі ата-аналардың көбісі балаларын ата-әжесімен қалдырудың немесе өздері тәрбиелеудің орнына жастайынан әр түрлі курстарға, ерекше оқытатын балабақшаларға беруге тырысады. Баланың тәрбиесіне қарағанда алып жатқан біліміне, қызыл қаламмен күнделікке қойылған мұғалімнің бағасына көбірек көңіл бөледі. Алайда бұның қате түсінік екенін АҚШ ғалымдары дәлелдеп қойды.

"Соңғы онжылдықта экономисттер, білім беру саласындағы қызметкерлер, психологтар және неврологтар қауымдастығы когнитивті гипотезаның негізінде жатқан жорамалдардың көбісін жоққа шығаратын куәліктерді жариялай бастады.

Олардың айтуынша баланың жетілуіне ең көп әсер ететін, біздің баланың миына өмірінің алғашқы жылдарында сиғызып үлгеретін ақпарат көлемі емес. Біз оларға мүлдем басқа түрлі, олардың ішінде табандылық, өзін-өзі бақылау, білуге құмарлық, адалдық, байсалдылық және өзіне деген сенімділік сияқты қасиеттерді бойына сіңіруге көмек бере

аламыз ба деген сұрақ әлдеқайда маңыздырақ. Экономистер бұл қасиеттерді *когнитивті емес* деп, психологтар—*жеке бас ерекшеліктері* деп, ал қарапайым халық — жай ғана *мінез-құлық* деп атайды".

Қарапайым тілмен айтқанда балаға өмірінің алғашқы жалдарында берілетін тәрбие оның біліміне емес, көркем *мінез-құлықты* қалыптастыруға бағытталуы тиіс. "Мичиган университетінің профессоры, психолог Кристофер Питерсон адамның *мінез-құлқының* мықты жақтарының тізімін жасады. Оның зерттеулері бойынша адамның бойындағы дәл осы қасиеттері оның болашақтағы жоғары жетістікке жетуінің және өміріне қанағаттануының кепілі. Бұл тізім 7 тармақтан тұрады: байсалдылық, өзін өзі ұстау, қайраттылық, әлеуметтік ойлау қабілеті, ризашылық, оптимизм, білуге құмарлық".

Шыны керек қазір еліміздің ешбір балабақшасы немесе басқа да білім беру ұйымдары баланың мінез құлқын қалыптастыруға, оның жоғарыда аталған қасиеттерін дамытуға арнайы бағытталмаған. Олардың негізгі мақсаттары балаға оқуды, жазуды, сызуды үйретумен шектеледі. Бұл білімдердің баланың болашақтағы жетістігіне көп әсер етпейтінін дәлелдедік. Психология саласының маманы Ұлықбеков Жәнібек мырзаның айтуынша өзіміздің ұлттық тәрбие аталмыш қасиеттердің барлығын дерлік қамтиды. Үлкенге деген құрмет, кішіге деген ізет; Аға тұрып іні сөйлеуден безу; Жесірін жылатпай, жетімін жалғыз қалдырмау; Бар нәрсеге қанағат, жоқ нәрсеге шүкіршілік; Ұлының қайраттылығы, қызының инабаттылығы осының бәрі ұлттық тәрбиенің бізге беретін құндылықтары. Осы тәрбие баланың бойындағы мінез құлқының мықты жақтарын қалыптастырып болашақта жоғары жетістікке жетуіне көбірек пайдасын тигізері сөзсіз.

Балалардың болашақтағы жетістігінен бұрын олардың дені сау, ақыл есі дұрыс, психикасы қалыпты азамат болып өсуі әлдеқайда маңызды. Адамның осы өмірдегі ең басты құндылықтарының бірі — денсаулық. Материалдық жағдайға қарағанда денсаулықтың жоғары бағаланатыны бәріне аян. Ал енді тәрбиенің адамның денсаулығына қандай қатысы бар?! Бұл сұраққа жауапты тікелей төмендегі зерттеулердің нәтижесінен алатын боламыз. Калифорниядағы «*Kaiser Permanente*» денсаулық сақтау ұйымының профилактикалық медицина департаментінің басшысы — Винсент Фелиттидің зерттеулерінің нәтижесі бойынша адамдардың денсаулық жағдайы оның бала кезінде душар болған стресстік жағдайларына тікелей байланысты екен.

Ғалымдардың айтуынша көптеген аурулардың негізінде адам өмірінің алғашқы онжылдығындағы қолайсыз оқиғалар жатыр. Балалық шағында психологиялық, экономикалық немесе әлеуметтік қиындықтарды басынан өткізгендер ұзақ уақыттық эмоционалды қиындықтардан, сонымен қатар метаболизмдегі және иммундық жүйедегі ауытқулардан зардап шегуі мүмкін. Нәтижесінде бұның барлығы ауруға ұшырау қаупін арттырады.

"Осыған байланысты Жаңа Зеландияда көлемді зерттеулер жүргізілген. Оған 1972 сәуірінен 1973 наурыз айларының аралығында дүниеге келген 1037 адам қатысқан. Ғылыми-танымдық жұмыстың мақсаты балалық шақтағы өмір жағдайы мен ер жеткендегі аурулар арасындағы байланысты зерттеу болды. Зерттеуге қатысушылар өмірлерінің алғашқы онжылдықтарындағы әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің деңгейі, қатыгездік және әлеуметтік оқшаулану деңгейі бойынша бағаланды. Кейін зерттеудің авторлары қатысушыларды 32 жасқа толған уақытта қайта тексерді.

Балалық шағында көбірек қиыншылық көрген қатысушылар ересек кездерінде ауруға душар болу қаупі жоғары болған. Бала кезіндегі қолайсыз оқиғалар 31% жағдайда депрессияға, 13% жағдайда жоғары дәрежедегі асқинуларға және 32% жағдайда зат алмасудың бұзылуына әкеп соққан".

Адамның денсаулығының нашарлауы нақты стресстің нәтижесі емес. Мәселе организмнің осы стресске жауап реакциясында. Енді біз балалық шақтағы стресстің сәбидің организмінде сақталып оған өмір бойы қиындық туғызуы мүмкін екенін білеміз.

Қуанышқа орай балалық шақтағы стресстің зиянды әсеріне қарсы тиімді уыт бар. Және ол фармацевтикалық компаниялардың немесе білім беру саласындағы қызметкерлердің емес,

ата–аналардың өз қолдарында.

Ата-аналар өз балаларымен жақын, қолдаушы қарым-қатынас орната алады және олардың бойында балалық шақтағы қиын ахуалдың қорқынышты нәтижелерінен қорғайтын орнықтылықты дамыта алады. "Жақсы тәрбиенің нәтижесі тек қана *эмоционалды* немесе *психологиялық* емес, сонымен қатар адам ағзасындағы *биохимиялық* процесстерде көрініс табады - деп, тұжырымдайды неврологтар "

Нью-Йорк университетіндегі психология зерттеушісі Клэнси Блэр көлемді тәжірибе жүргізді. Бұл тәжірибеде 1200 ден астам нәрестені туылғанынан бастап дерлік қадағалайды.

"Нәрестелердің туылғанына жеті ай толғаннан бастап, Блэр, шамамен әр жыл сайын, стерстік жағдайларға жауап ретінде нәрестелердің ағзаларындағы кортизол мөлшері өзінің шарықтау межесіне қалай жететінін өлшеген. Бұл баланың ағзасы стресске қаншалықты жақсы қарсы тұра алатынын өлшеудің қарапайым түрі.

Блэр, отбасындағы ұрыс-керістер, хаос және қоршаған ортадағы адамдардың шектен тыс көп болуы сияқты факторлар шынымен балалардың ағзасындағы кортизол мөлшеріне айтарлықтай әсер ететінін анықтады. Бірақ бұл әсер тек ата–анасының тарапынан зейінсіздік кәтігездік орын алғанда ғана байқалған. Ақ жаулықты аналар бар күштерімен ықыластылық танытқанда, бұл қоршаған орталық факторлардың балаларға әсері мүлдем дерлік жойылады.

Егер анасы баласының эмоционалды жағдайына ұқыптылықпен қарайтын болса, бұл баланың өмірде кездестірген қиыншылықтары, сұмпаылықтары оның ағзасына, денсаулығына мүлдем дерлік әсер етпейді".

Сонымен, баланың тәрбиесі тек қана оның болашақтағы жетістігіне ғана емес оның денсаулығына да көп әсері бар екенін анықтадық. Кез келген бала жас кезінде әр түрлі стресстік жағдайларға тап болатыны сөзсіз. Және балаға жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбейтін болса бұл стресстердің баланың денсаулығына кері әсері айтарлықтай. Ал балабақшадағы тәрбиешінің әрбір балаға жеткілікті дәрежеде көңіл бөліп, әрбір баланың эмоционалды жағдайын қадағалауы физикалық тұрғыдан мүмкін емес. Мейлі қандай мықты педагог болсын, мейлі керемет психолог болсын ол баланың ата-анасындай мейірім көрсетіп, дәл сондай байланыс орната алмасы анық. Сондықтан балаларыңызға көбірек көңіл бөліңіздер. Оның барлық бос уақытын түрлі курстармен, спорт үйірмелерімен тағы басқамен толтыруға тырысудың орнына оған нағыз қазақи тәрбие беруге, балаңызбен көбірек уақыт өткізіп, онымен эмоционалды байланыс орнатуға тырысыңыздар. Бұл сіздің балаңыздың дені сау азамат болып, болашақта көптеген белестерді бағындырып, зор жетістікке жетуіне әлдеқайда көбірек пайдасын тигізеді анық.

Бұл баяндамада баларыңыздың оқуы мүлдем керек емес немесе маңызы жоқ деген ойды жазғым келіп тұрған жоқ. Айтайын дегенім балаға жастайынан көп білімді үйретем деп, оны аналық махабаттан, әкелік мейірімнен және қарапайым баланың ата – анасымен көбірек уақыт өткізу бақытынан айырмаңыз. Ұлттық тәрбие беру арқылы сіздер балаңыздың болашақта көбірек жетістікке жетуіне жол ашасыздар!

УДК 37.035.6

FRANCOPHONIE

Kopmagambetov Dinmukhamed Abzaluly

dimash0935@mail.ru

Student of faculty International Relations of ENU named after L.N. Gumilyov, Astana,
Kazakhstan

Supervisor – Ergalieva K.O.

Introduction

Aujourd'hui le rôle du français est grand, car beaucoup de pays au monde parlent cette langue.